

«Б Е К І Т Е М І Н»
№56 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры Г.М.Наримбетова
«2» 09 2023 жыл



**2024-2025 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша педагог-психологтың
перспективалық жұмыс жоспары**

Мектеп психологтары: Сатанова Ж.А.

Садуллаева С.Д.

Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің

2021 жылдың 18 қыркүйегіндегі

№472 бұйрығына сәйкес

Түсінік хат

Психология- адам жанын зерттейтін ғылым. Алғашқы күннен бастап адам қоршаған ортаның алуан түрлі құбылыстарымен: адаммен, затпен, оқиғамен соқтығысады. Айналамен таныса отырып, адам белгілі бір нәрсеге өзінің субъективті көзқарасын, сезімін білдіреді.

Психологиялық қызметтің мақсаты- орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілерге ақпараттық қоғамның жылдам дамуына олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан көмек көрсету, психологиялық-педагогикалық зерделеу, шығармашылық әлеуетін дамыту, психологиялық түзету және дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық мәселелерді шешуде және оқу- тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Бала алғаш мектепке келген кезде ересектермен, басқа балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игереді. Сондықтан үлкендер баламен жағымды қарым-қатынас құру қажет. Мұғалімдер мен психологтардың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты-баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіп-баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аударып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдап, ізгі ниет ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады.

Бүгінгі таңда ұрпақ алдында «Қазақстан-2030» бағдарламасындағы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп – өркендеу қауіпсіздігі мент әл-ауқатының артуы» деген мерзімдік міндетті үшінші мыңжылдықта іске асыру жауапкершілігі тұр. Еліміздің болашағы, ұлтымыздың ертеңі мектеп қабырғасында білім алатын жас ұрпақтың саналы ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Сондықтан да егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс – тәсілдеріне қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс- әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын тани алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Ендеше, мектеп оқушыларының дүниетанымын кеңейтуде, оқу танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор деген сөз.

Жылдық психологиялық қызметтің жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді:

1. ҚР Конституциясы
2. ҚР бала құқығы туралы заңы
3. ҚР «Білім туралы» заңы
4. ҚР білімінің даму концепциясы
5. ҚР «Неке және отбасы » заңы
6. Песихологиялық этикалық кодексі
7. ҚР Білім және ғылым министрінің 2011жылғы 20 желтоқсан №528 бұйрығы
8. Ақтөбе облысы әкімдігінің «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің қағидалары» 2015 жылғы №257 бұйрығы негізінде.
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы.

Педагог және психолог маманы ретінде, білім беру саласын басқаратын барлық деңгейдегі органдардың шешімін басшылыққа ала отыра, психологиялық қызметтің жүйелі, нәтижелі болуына үлесімді қосу.

Психолог қызметінің негізгі мақсаты:

Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушыларды психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени - өнімдік тұлға болуға әсер ету;
- Әрбір оқушының өз мінез- құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету;

- Жекелеген ауытқушылықтардың алдыналу;
- Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2023-2024 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты: Білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету; психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету.

Айы	Бағыты	Түрі		Контингент			Әдіс-тәсілдері	Жауаптылар
		Жеке	Топтық	Білім алушылар	Оқытушылар	Ата-аналары		
Қыркүйек	Диагностика		+	1-класс			1.Керн Иерасек	Психолог Класс жетекші
	Консультация	+		+ 5-11 класс	+	+	Кеңес беру (сұраныс бойынша) Клиентке бағдарлану бағыты (К.Роджерс) (сұраныс бойынша)	Психолог
	Түзету-дамыту жұмыстары		+	1-4 клас 5 класс Инклюзив 1-4 класс			Сергіту жаттығулары Психологиялық акция «Следопыт» (2-апта) Психологиялық хал-ахуалын бақылау. Әдіс «Менің көңіл-күйім» Жаңадан келген оқушыларды тану және класқа бейімделуін, бір-бірімен табысып, араласып кетуін қадағалау.	Психолог
	Профилактика		+	9-11 класс			• Отбасы күніне арналған тренинг ҚР (қыркүйек айының екінші сенбісі) • Темекі, насыбай, эл.темекі алдын алу жұмыстары • Түнгі рейд ұйымдастыру	Психолог Әлеуметтік педагог ТДЖО

			+				• Қиын жағдайға тап болған балаларға «Жоқ» деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар дайындау «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» туралы ақпарат беру • Балалардың құқықтарын қорғау нормативті құжаттарын реттеу • Электрондық темекі және зиянды заттардан алдын алу жұмыстары • Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың тізімін жинақтау • Өгей ата-аналары бар оқушылар тізімін жинақтау • Аз қамтылған, көп балалы оқушылардың тізімін жинақтау • 1-11 класс оқушылармен ата-аналарына арналған «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» туралы ақпараттандыру • 1-11 кластардан педагогикалық және психологиялық жеке даму картасы алу • Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу	
	Әлеуметтік – диспетчерлік бағыты						Барлық класс оқушыларының тізімін алу	Мобильді топ
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						Сараптамалық жұмыстар қорытындысы	Психолог
							Жобалық жұмыстар қорытындысы	Психолог

Қазан	Диагностика		+	5-класс			1. Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов) 2. Суреттік тест “Менің класым” (Л.П.Пономаренко) 3. Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов) DASS сауалнамасы («Д» стресс, депрессия, мазасыздық)	Психолог
	Консультация	+		1-11 класс	+	+	Кеңес беру (сұраныс бойынша) Жадынама «Балаңыз мектепке тез бейімделсін десеңіз» Тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін дамытуға жағдай жасау, туындаған проблемаларды шеше білуге ықпал ету.	Психолог
	Түзету-дамыту жұмыстары						Үлкен психологиялық ойын «Калейдоскоп» (4-апта) Тимбилдинг/тренингтер	
	Профилактика						Оқушының таным процесін анықтау • Психологиялық акция «Мереке» (1-апта) • Үйде оқытылатын оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата-анасымен танысу және психологиялық - педагогикалық жұмыстар жүргізу • Жаңадан келген оқушылармен тренинг	

							• Кибербуллингтің алдын алу бойынша жадынама тарату және түсіндірме сабақ • Тегін ыстық тамақтану бойынша сауалнама • Кибербуллинг алдын алу жұмыстары • Дін жолындағы отбасынан шыққан оқушылар тізімін құру • Буллингтың алдын алу жұмыстары • Құқықбұзушылыққа бейім оқушылардың отбасы туралы мәлімет жинау • Балалар үшін интернет желісінің қауіпсіздігі • Ата-аналарға кеңес «Қауіпсіз интернет» • «Тәртіп сақшылары» бала қауіпсіздігі түнгі рейд тәртіпті бақылау • Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс • «Қыз балалардың жеке гигиеналық шаралары» қыз балаларымен жұмыс • «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!» алдын алу	
	Өлеуметтік – диспечерлік бағыты							
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						1.Сараптама жұмысы: Зерттеу нәтижелерін толтыру бланкісі Жобалау жұмысы	Психолог Психолог

Қараша	Диагностика		+	6-класс			Темперамент зерттеу (Айзенк) «QABILET» Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында диагностикалық жұмыс	Психолог Класс жетекші
	Консультация	+		+	+	+	Кеңес беру (сұраныс бойынша)	Психолог
	Түзету-дамыту бағыты		+	1-4 кластар 5-11 кластар Инклюзив			«Психомоториканы дамыту жұмыстары» Психологиялық акция «Құпия дос» (4 апта) Қарым-қатынасын зерттеу, оқушының қабылдау қабілетін дамыту	Психолог
	Профилактика			1-4 класс 5-8 класс 5-11 кластар		+	Психологиялық акция (Бақыт) Ересектердің эмоционалды құзыреттілігін дамыту тренингі (2-апта) Мектептегі құқықбұзушылықтың жағдайы мен динамикасы Қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың отбасымен және тұрғын жайымен жұмыстар жүргізу	Психолог
	Әлеуметтік - диспетчерлік бағыты							Мобильді топ
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						1.Сараптама жұмысы: Зерттеу нәтижелерін толтыру бланкісі Жобалау жұмысы	Психолог
Желтоқсан	Диагностика			9-10-11- класс 9-класс			Спилберг әдістемесі Кәсіби бағдар тесттері: 1. Климов әдістемесі	Психолог Психолог Класс жетекші

							2. Голланд әдістемесі 3. Голомшток картасы 4. Пряжников бойынша кәсіби жол (психолог таңдауы бойынша) Жас мамандарға сабақта психологиялық тренинг элементтерін пайдалана алу бағытында дамыту жолдары 5. 7-11 класс оқушыларымен «Зиянды заттардан аулақ бол!»- профилактикалық жұмыс	
	Консультация	+		+	+	+	Кенес беру (сұраныс бойынша)	Психолог
	Түзету-дамыту бағыты		+	1-4 кластар Инклюзив			«Психомоториканы дамыту жұмыстары» Есте сақтау қабілетін дамыту, қорқыныш деңгейін анықтау	Психолог
	Профилактика						Мектеп психологтарының І- жартыжылдықта жүргізілген жұмыстарының есебі Жас мамандарға сабақта психологиялық тренинг элементтерін пайдалана алу бағытында дамыту жолдары 7-11 класс оқушыларымен «Зиянды заттардан аулақ бол!»- профилактикалық жұмыс	Психолог
	Әлеуметтік- диспетчерлік бағыты							Мобилді топ
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						1. Сараптама жұмысы: Зерттеу нәтижелерін толтыру бланкісі	Психолог
							Жобалау жұмысы	Психолог
Қаңтар	Диагностика			10-класс			Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (ШТУР)	Психолог

	Консультация	+		+	+	+	Сұраныс бойынша кеңес беру	Психолог
	Түзету-дамыту жұмыстары			2-4 класс			Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар. (Т.В.Артемяева) 1.«Тыңда және орында» 2. «Бұзылған телефон» 3. Ассоциация 4. «Корректорлық тапсырмалар»	Психолог
				9-11 класс			«Емтихан» іскерлік ойын	
				Инклюзив			Ойлау қабілетін дамыту	
	Профилактика			5-8 класс			Психологиялық жобалық-ойын «Ұйқыдағы қала» (3-апта) Құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру.	
	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты							Мобильді топ
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						Жұмыстарды жобалау	Психолог
							Проективті жұмыстар	Психолог
Ақпан	Диагностика			4-класс			“Кактус” әдістемесі (Панфилова), /эмоц.сферасы, агрессия/	Психолог
	Консультация	+		+	+	+	Сұраныс бойынша кеңес беру	Психолог
	Коррекциялық-дамытушылық			1-4 класс			(Т.В.Артемяева) 1. «Жасырынып тұрған сөздерді тап» 2. «Аспан – жер - су» ойыны 3. «Барлығын еске түсіру» ойыны -Жас мамандарға психологиялық қолдау . -«Кәсіптік бағдар беру» Дж. Голланд және Е.Климов әдістемесі бойынша оқушылардың кәсіби бейімділігін анықтау 9- класстар.	Психолог

							-Педагогикалық – психологиялық алдын - алу профилактикалық жұмыстары (Нашакорлық , діни экстремизм, СӨС қалыптастыру және т.б.) «Тәуекел топ » оқушыларымен жұмыс .	
	Профилактика						«Балалығым бақытым» психологиялық апталық 1,11-класстар Жасөспірім қыз балалар арасындағы ерте жастан жүкті болуды алдын алу шаралары бойынша мамандармен кездесу.	
	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты							Мобильді топ
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						1.Сараптама жұмысы: Зерттеу нәтижелерін толтыру бланкісі	
							Жобалау жұмысы	
Наурыз	Диагностика			8-9-10-11-класс			Личко тесті (МПДО)	Психолог
	Консультация	+		+	+	+	Сұраныс бойынша	Психолог
	Түзету-дамыту жұмыстары			1-4 Класс Ерекше оқуды қажет ететін оқушылар			1.«Сөйлемдерді құрастыру» ойыны 2. «Сәйкестендіру» ойыны Зейін қабілетін дамыту 9-10 - класс оқушыларының ата-аналарына мамандық таңдауға байланысты жаднама кеңестер Инклюзивті оқумен қамтылған оқушылардың класс жетекшілеріне, мұғалімдеріне кеңес беру ҰБТ кезінде қорқыныштан арылу тренинг- сабақ 11 кластар аралығында	
	Профилактика						«Тәрбие басы - тал бесік» ата-аналармен байланыс	
	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты							Мобильді топ

	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						Эксперттік іс-әрекет	Психолог
							Жобалық іс-әрекет	Психолог
Сәуір	Диагностика			4-класс			1. Біліктілікті зерттеу (Э.Ф.Замбавичене әдістемесі) Танымдық процестерді зерттеу (көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау)	Психолог
	Консультация	+		+	+	+	Сұраныс бойынша	Психолог
	Түзету-дамыту жұмыстары			1-4 Класс Ерекше оқуды қажет ететін оқушылар			Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар. (Т.В.Артемова) 1.«Менің көңіл – күйім неге ұқсайды?» жаттығуы 2. «Айна» жаттығуы 3. «Кәсіпқой» жаттығуы 4. «Қағаздан жасалған қар» (агрессияны төмендетуге арналған жаттығулар) 5. «Болашақ чемпиондар» 6. «Апельсин» жаттығулары 7. «Түсіру!» жаттығуы 8. «Әртүрлі кейіпкерлер» жаттығуы Қиялын дамыту	Психолог
	Профилактика						Ана-аналармен кездесу. Отбасындағы тәрбие бойынша кеңестер. «Мен бесінші сыныпқа барамын» 4-класстар Мектеп ұжымымен жұмыс.	Психолог
	Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты							Мобильді топ
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты						1.Сараптама жұмысы: Зерттеу нәтижелерін толтыру бланкісі	Психолог
							Жобалау жұмысы	Психолог
Мамыр	Диагностика							Психолог
	Консультация							
	Түзету-дамыту жұмыстары			5-8 Класс			Психологиялық акция «Пикник» (3-апта)	

				Ерекше оқуды қажет ететін оқушылар			Қарым-қатынасын бағалауды қалыптастыру, қорытындылау	
	Профилактика			1-4 класс			«Отбасындағы психологиялық денсаулық, баланың үйлесімді дамуының негізі» ата-аналарға арналған дәріс Мектеп психологтарының атқарылған жұмыстарының жылдық есебі.	Психолог
	Әлеуметтік- диспетчерлік бағыты							
	Ұйымдастыру - әдістемелік бағыты							

Мектеп психологтары:



Сатанова Ж.А.



Садуллаева С.Д

**№56 жалпы орта білім беретін мектептің 2023-2024 оқу жылы бойынша
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕСЕБІ**

Психологиялық қызметтің мақсаты - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

2023-2024 оқу жылы психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психолого-педагогикалық жұмыстың түрлері:

- Диагностика (жеке және топтық)
- Профилактика
- Дамыту жұмыстар (жеке және топтық)
- Коррекциялық жұмыс (жеке және топтық)
- Психологиялық ағартушылық және білім беру:

Диагностикалық бағыт. Психологиялық қызмет осы жоспарға сүйене отырып, қыркүйек айында жекелеген оқушылардың психологиялық- әлеуметтік жеке картасын дайындаудан бастады. 03.09-14.09 күндері аралығында психологиялық қызметтің жүргізген зерттеу жұмысына 1-класс бойынша барлығы оқушы қатысты. Психологиялық қызметтің мектеп қабырғасына қабылданған оқушыларға психологиялық әдістеме, Керн-Йрасек төрт субтесттен тұратын баланың мектепке дайындығын бағалау тестісі жүргізілді. Сонымен бірге «Жануарлар мектебі» атты жобалау әдістемесі жүргізілді. Бұл әдістемелердің мақсаты, оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді.

Өткізілген әдістеме: Керн-Йерасик әдісімен (оқушылардың мектепке бейімделуі). Оқушылардың жалпы даму деңгейлері (таным қабілеттері) бойынша көрсеткіші төмендегідей:

Класс	Қатысқан оқушы	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1 «А»	20 оқушы	7	12	1
1 «Ә»	23 оқушы	10	13	0
1 «Б»	24 оқушы	11	13	0
1 «В»	24 оқушы	11	13	0
1 «Г»	26 оқушы	4	21	1
1 «Ғ»	23 оқушы	4	18	1
1 «Д»	25 оқушы	21	4	0
1 «Е»	26 оқушы	25	1	0
1 «Ж»	29 оқушы	25	3	1
1 «З»	30 оқушы	21	9	0
Барлығы	250	116	107	4

ДОІЖО Гатауова Жансулу Канатовна мен психолог **С.Садуллаева** класс жетекшілерімен жиналыс өткізілді. Оқушылардың мектепке бейімделу қорытындысымен таныстырып, ұсыныс берді. Алдағы уақытта төмен деңгей көрсетіліп тұрған оқушылармен қосымша түзету-дамыту сабақтар ұйымдастырылады.

Дамуы жағдайы жай жүріп жатқан әлі де дайындықты қажет ететін, оқу жағдайына үйренісуі төмендеу, әлі де бейімделу үстіндегі оқушылар: оқушылар байқалды.

5 класс оқушыларының бейімделу деңгейі анықталды. Қатысқан оқушы -214. **Өткізілген әдістемелер:**

Н.Г.Лусканованың сауалнамасы, Д.ж. Морено «Социометрия» сауалнамасы, «Менің сыныбым» әдістемесі

Класс	Оқушы саны	Жоғары	Орташа	Төмен
5 «А»	30 - оқушы	11	19	0
5 «Ә»	30 - оқушы	10	20	0
5 «Б»	26 - оқушы	7	19	0
5 «В»	28 - оқушы	8	20	0
5 «Г»	25 - оқушы	6	19	0
5 «Д»	25- оқушы	9	16	0
5 «Е»	25- оқушы	8	17	0
5 «Ж»	25- оқушы	11	14	0
Барлығы	214	70	144	0

Жалпы қорытынды бойынша жоғары деңгей 70 және орташа деңгей 144 төмен деңгей анықталған жоқ. Оқушылардың темпераментін анықтау мақсатында Айзенк тесті қолданылды. Оқушының мектепке көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама алынды, сонымен қатар балалардың ұжыммен өзара қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Жақсы көрсеткіш көрсетті.

10 класс оқушыларының бейімделу деңгейін анықтау мақсатында сауалнама әдісі алынды. Сауалнама нәтижесінде бейімделу деңгейі төмендегідей көрсеткішке ие болды. **Өткізілген әдістеме:** Н.Г.Лусканованың сауалнамасы, Ч.Д. Спилберг және Ю.Л. Ханниннің «Рекактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» сауалнамасы

Класс	Оқушы саны	Жоғары	Орташа	Төмен
10 «А»	27 - оқушы	12	15	0
10 «Ә»	29 - оқушы	11	18	0
10 «Б»	33 - оқушы	14	19	0
Барлығы	89	37	52	0

10 кластың зерттеу қорытындысы бойынша төмен бейімделуге ие оқушы анықталған жоқ.

1 класс оқушыларының мектеп үрдісіне бейімделу деңгейлерін анықтау мақсатында Керн-Йирасек әдістемесі өткізілді. Қатысқан оқушылар саны: 250 оқушы, жоғары деңгейде – 116 оқушы 59%, орташа деңгейде 107 оқушы 39%, төмен деңгейде 4 оқушы 2% көрсетті. Төмен деңгейді көрсеткен - ерекше білімді қажет ететін оқушылар. 5-класстардың жоғарғы буынға бейімделуіне жүргізілген әдістемелер: «Оқу мотивациясы», «Темперамент тип» анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 184 оқушы, жоғары деңгейде – 54 оқушы 29%, орташа деңгейде 130 оқушы 71%, төмен деңгейде оқушы анықталған жоқ. 6-7 класс оқушыларына «Мазасыздық» әдістемесі, 8-11 класс оқушыларынан DASS диагностикасы алынды. Нәтижесі бойынша оқушылар анықталған жоқ. 5 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Д», «Е», «Ж» класс оқушыларынан орта буынға бейімделуін, оқу мотивациялық деңгейін анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова әдістемесі жүргізілді. 214 оқушы қатысты. Төмен деңгей анықталған оқушы анықталған жоқ. Зерттеу бойынша нәтижесі 5-ші класқа бейімделуі, оқу мотивациялық деңгейі жақсы деңгейді көрсетті. Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтауға арналған «Зунге» диагностикасы 6-7 класстар бойынша 364 оқушы қатысты. Жоғары деңгейдегі аутодеструктивті мінез-құлық анықталған жоқ. 9 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Д», «Е» класс оқушыларынан кәсіби бейімділіктерін анықтау мақсатында Е.А.Климов әдістемесі алынды. Зерттеуге 168 оқушы қатысты. Әдістеме қорытындысымен оқушыларға,

класс жетекшілерге таныстырылып, мамандық туралы психологиялық кеңес берілді. 10 «А», «Ә», «Б» класс оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г. Лусканова әдістемесі алынды. Қатысқан оқушылар саны: 89 оқушы, жоғары деңгейде – 57 оқушы 76%, орташа деңгейде 18 оқушы 25%, төмен деңгейде оқушы анықталған жоқ. 11 класс оқушыларының кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында Дж.Голланд әдістемесі алынды. 11 «А», «Ә», «Б», «В» класс оқушыларынан зерттеуге 78 оқушы қатысты.

Кеңес беру бағыты.

Мектепке және орта буынға бейімделу мәселелері бойынша 1-11 класс оқушыларының ата-аналар чаттарына бейімделу барысында болатын бала бойындағы өзгеріс, қобалжу, қорқыныш, мазасыздық тақырыпта рында кеңес беру жадынамалары таратылды. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі қолайсыздықтар бойынша жеке кеңес берілді. 1 класс ата-аналарына «6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алатын орны» туралы кеңес, 5 класс ата-аналарына «Отбасы тәрбиесі» туралы кеңес жадынама, 5 класс оқушыларына «Жеткіншек шақтағы мінез-құлықтық психологиялық ерекшеліктері» туралы кеңес жадынамалар берілді. Ата-аналар қарым-қатынасын нығайту мақсатында Балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға кеңестер берілді.

Түзетушілік-дамытушылық бағыт.

1-4 класс оқушылары арасында бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатып, достық туралы ұғымдарын кеңейту мақсатында «Дос болайық бәріміз» атты дамыту тренингтері ұйымдастырылды. 1 класс оқушыларына «Мен мектепке барамын» атты бейімделуіне, оқу ынтасын арттыруға бағытталған тренингтер жүргізілді. 5 класс оқушыларына орта буынға бейімделуіне жақсы ықпал ету мақсатында «Із кесуші» психологиялық акциясы өткізілді. Сұраныс бойынша 1-11 класс оқушыларымен күнделікті психологиялық түзету дамыту сабақтары, жеке кеңестер жүргізіліп отырады. Үлгерімі төмен оқушылар дамыту-түзету жұмыстары жүргізілді. Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс жүргізілді. «Айзенк тест», «Жаңбыр астындағы адам», «Өзін таңдаған өмір», «Мен өмірді қалаймын», «Жаман әдеттен аулақ бол!», «Тұлпарлық фактор». Олардың ішінде оқушыға анықтама – психологиялық мінездеме және оқушылармен жасалған жұмыстар туралы анықтама жасалды. Олармен өзін – өзі бағалау әдістемесі, темперамент типтері, мектепке бейімділігі анықтау тесті және тренингтер өткізілді. 5 және 7 сыныптың психологиялық климатын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. Сыныптағы қарым-қатынасты нығайту, бөлінудің алдын алу мақсатында жеке түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. «Психомоториканы дамыту жұмыстары» бастауыш буын оқушыларына өткізілді. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жеке түзету дамыту сабақтары жүргізілді. Диагностика бағыты бойынша 11 класс оқушыларының «Табандылықты» зерттеу тесті, «Жолда жүре білеміз бе?», «ҰБТ-мен үшін», Дж.Морена ұсынған «Социометрия» әдістемесі туралы сауалнамалары алынып, «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» туралы кеңес жадынамалар таратылды. «Мамандығым-бағытым», «Мамандығым - мақтанышым» тақырыпта тренинг сағаттары өткізілді. 11 – класс ата-аналарына психологиялық көмек ретінде «Балаңызға ҰБТ-ға дайындалуға қалай көмек бере аласыз?» тақырыбында кеңес жадынамалар таратылды.

Ағартушылық және профилактикалық бағыт.

Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Түнгі рейдтер», «Кибербуллинг» дәріс, «Буллинг» түсіндірме жұмыстарымен жадынамалары таратылды. «Бала құқығы-адам құқығы» Республикалық онкүндік аясында жұмыстар жүргізілді. Кәмелетке толмаған ерте жүктілікті алдын алу, қыз балаларымен жұмыс бойынша жоспарға сәйкес қыркүйек айынан бастап уақытылы іс-шаралар өткізіліп жатыр. Қиын жағдайға тап болған балаларға «Жоқ деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар таратылып, таныстырылды. 1 класс оқушыларының ана-аналарына баланың бойындағы психологиялық, физиологиялық өзгерістер, бейімделудегі ата-ананың ықпалы тақырыбында ата-аналар жиналысының баяндама оқылып, жадынамалар тартылды. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыздар

және аналары бірге жиын ұйымдастырылды. Оған №3 қалалық емхананың гинеколог маманымен кездесу өткізілді. Қыздар өздеріне өзекті сұрақтарына жауап алды. Буллинг, кибербуллингтің алдын-алу мақсатында 5-11 класс оқушыларымен жеке кластарға слайд арқылы, видеороликтер көрсетіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектеп қыз балалар арасында «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өтті. 5-11 класс оқушыларына «Жасөспірімдер арасындағы мазасыздық» сауалнамасы, 7-11 класс оқушыларына «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық алдын алу мәселесін зерттеу» сауалнамасы алынды. Мектептегі құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында «Түнгі рейдтер», «Кибербуллинг» дәріс, «Буллинг» жадынамалар, «Медиасауаттылық», «Суицидті алдын-алу жұмыстары», «Есірткіден аулақ бол!», «Электронды темекі», 7-11 класс оқушыларымен «Зиянды заттардан аулақ бол!» профилактикалық жұмыстар жүргізілді. 2023-2024 оқу жылына арналған кәметке толмағанға қатысты ерте жүктілікті алдын алу, қыз балалармен жұмыс бойынша жұмыс жоспарына сәйкес қыркүйек айынан бастап уақытылы іс-шаралар өткізіліп жатыр. Қиын жағдайға тап болған балаларға «ЖОҚ» деп айтуды үйрен» тақырыбында жадынамалар дайындау, «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігі туралы ақпарат беру: «Қыз балалардың жеке гигиеналық шаралары» дәріс-презентация; «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі», «Қыз өссе, елдің көркі» шаш сәндеу үлгілері; «Ерте жүктіліктің алдын алу профилактикасы» жұмыстары жүргізілді №3 қалалық емхана дәрігерлерін алдын алдын ала шақыртылып, дәріс ұйымдастырды. Мектептің 7-11 класс қыз балаларына ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында №3 қалалық емхана дәрігерлері-дерматовенеролог Иргалиева Г.Г., гинеколог-Өтемұратова З.Қ. дәріс оқыды. Мектептің 7-11 класс ер балаларына зиянды заттардың алдын алу мақсатында №3 қалалық емхана дәрігерлері- дерматовенеролог Иргалиева Г.Г., уролог- Довронов Х.Д. және дәріс оқыды.

Тәрбие жұмысы

IV тоқсан бойынша «Сенім телефонымен» 1 қоңырау түсті. Ата-ана мектептің лагерінің жұмысы туралы ақпарат білгісі келді, мектеп әкімшілігі сұраққа жауап берді. «Сенім жәшігіне» ешқандай хат түскен жоқ. «Дін және қауіпсіздік» тақырыбында дәрістер ұйымдастырылды. Толық емес отбасы (өгей әке, өгей ана тәрбиесіндегі) аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға тұрмыстық зерттеу актісі толтырылды. Оқушылардың көңіл-күйін бақылау мақсатында тренингтер жүргізілді. Зорлық-зомбылықтың, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналар, оқушылар чатына ескертпе жадынамалары таратылды. №56 ЖОББМ бойынша психологиялық қызмет өз жұмысын жоспарға сәйкес жүргізіп келеді.

Қорыта келе, оқу жылының мектеп проблемасына сәйкес психологиялық қызмет белсенді түрде іске асырылуда. Сонымен қатар, мектептегі педагогикалық кеңесте қарастырылған барлық мәселелер бойынша, психологиялық зерттеулер нәтижесімен таныстырылып, ұсыныстар берілді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды. Оқу барысында ата-аналармен, оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Жалпы алғанда, психологиялық көмек түрлерінің негізгі бағыттары – психодиагностика, коррекция, кеңес беру, профилактика жұмыстары нәтижелі болды. Өткізілген психологиялық шаралар мектеп проблемасымен ұштастырылып отырды.

Сәтті тұстары:

- мектеп ұжымы, оқушылар мен ата-аналар мектеп психологтарымен бірлесе жұмыстанып, нәтижелі жұмыс көрсетті;
- мектеп ұжымы бос уақытында мектеп психологтары ұйымдастырған тренингтерге белсене қатысып, көңіл күйлері көтеріліп, өз-өзін реттеуге, тануға қадам жасады;
- оқушылар мектеп психологтарына өз еркімен қажет кезде консультацияға келді;
- оқушылар мектеп қабырғасында өткізілген психологиялық шараларға белсене қатысты;

Сәтсіз тұстары:

- 2023-2024 оқу жылында мектеп психологтары мен оқушылардың бірлесе жасалынған жұмысы оң нәтиже көрсету үшін, қосымша сағаттар ұйымдастырылу қажет;
- мектеп психологтары қиын оқушылармен жұмыс барысында пән мұғалімдеріне ұсыныстар ұсыну қажет;
- Оқушыларды ортаға бейімдеу мақсатында түрлі мектепшілік және мектептен тыс шараларға белсенді қатыстырып, психологиялық қолдау көрсету қажет.

Ұсыныстар:

- Жоспар бойынша психологиялық тренингтерді уақытылы график жасақталып өткізу;
- 11 класс оқушыларына мотивация беру, стрессті болдырмау, қорқынышты жеңу мақсатында “ҰБТ-дан қалай қорықпай өтуге болады?, Менің қолымнан бәрі келеді!” тақырыптарға байланысты тренинг-сабақтарын көбірек өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру барысында психологиялық диагностикалар 1-11 оқушылар арасында өткізу; (1-5 кл проективті әдістемелер, 6-8 сауалнама, 9-11 тест)

Мектеп психологтары



Ж.Сатанова

С.Садулаева